

**«Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі»
республикалық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама № 1

03.06.2024 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша филиал басшыларымен өткізілген жиналыс

Төрағасы: К.Кунаев

Хатшысы: К.Исабекова

Қатысқандар: Исабеков Д., Мухаметжанова Р., Кожанов С., Нурланов Б., Кожобеков А., Молдабеков А., Қодасбай С., Нурпеисов Д.

Күн тәртібі:

Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

ТЫНДАЛДЫ:

Бас директордың орынбасары К.Кунаев:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік мекемелер мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары негізінде біздің мекемеде ішкі талдау жүргізілуде.

Талдау мынадай бағыттарды қамтитын болады:

- Мекеменің қызметін қамтитын нормативтік құжаттарда және оның ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жүргізу;

- Ішкі нормативтік құжаттар негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, Мекеме қызметкерлерімен жұмыс жүргізу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:

- Мекеме қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің, қақтығыстарға қызығушылықтарын бақылау;

- қаржыландыру жобаларының дұрыс іске асырылуын бақылау процестерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- ұйымдастырушылық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді жүзеге асыру кезінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- қаржылық-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау.

Осы мақсатта мекеме қызметкерлері арасынан жұмыс тобы бекітілді.

Кунаев К. – бас директордың орынбасары, жұмыс тобының төрағасы;

Шантаев А. – бас директордың орынбасары, жұмыс тобының мүшесі;

Кожанов С. – құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, жұмыс тобының мүшесі;

Мухаметжанова Р. – кәсіподақ төрайымы, жұмыс тобының мүшесі;

Исабекова К. – негізгі қызметтер бас инспекторы, жұмыс тобының хатшысы.

Ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама жазылатын болады.

Филиал басшылары өз тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтіп, қызметкерлермен жиналыс өткізіп, насихат, түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тоқтатпаулары тиіс. Әр тоқсан сайын ұжыммен осы тақырыпта жиналыстар өткізіп отыруды үрдіске айналдыру қажет. Әсіресе, аймақтардағы мемлекеттік инспекторларға, бақылап-өткізу бекеттерінің бақылаушыларына маңыздылығы түсіндіріліп, жұмыстары қатаң бақылауға алынсын. Сыбайлас жемқорлық жасаған мемлекеттік мекеме қызметкері болсын, басшы болсын заң алдында жауапты болады.

Жиналыс хаттамасы, қосымша деректерімен бірге мекеменің орталық аппаратына ілеспе хатпен жолдансын.

Филиалдардың директорларына осы мәселеге қатысты жұмыс жоспарын жасауды, соған сәйкес атқарған жұмыстары бойынша есеп беру жұмыс дәптерін (бауланған, нөмірленген) жүргізіп отыруды ұсынамын. Атқарылған шаралар бойынша орталық аппаратқа жүйелі түрде ақпарат беріліп отырсын.


Сонымен қатар, филиал директорлары қарамағындағы жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне баратындар болған жағдайда оларды тізімдеп, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Тізім тіркелген ақпарат бас директордың атына арнайы ілеспе хатпен жолданылуы тиіс.

Ұлттық парк мемлекеттік мекеме болғандықтан заңды түрде жеке кәсіпкер болып тіркелген тұлғаларды жұмысқа қабылдауға тыйым салынған. Филиал басшылары азаматтық қызметшіні жұмысқа қабылдау және қызметтен босату барысында еңбек заңнамасымен белгіленген талаптарды орындауға міндетті.

Осы тұрғыда, филиалдарда бос жұмыс орнына қабылданатын үміткерді жұмысқа қабылдау орталық аппаратта сұхбат өткізілгеннен кейін рәсімдеу ұсынылады.

Төраға

Хатшы



К.Кунаев



К. Исабекова